

“№82 жалпы білім беретін орта мектебі” КММ

“Оқытудың түрлі әдіс-тәсілдері мен тиімді технологиялары” атты магистрлер апталығының аясында жас мамандар мен тәжірибелі ұстаздар арасында өткен «Дәуірлер айқасы» атты интеллектуалды ойының есебі

Ұйымдастырушылар: орыстілі пәні пәні мұғалімі – Талмағанбетұлы М.
ағылшын тілі пәні мұғалімі – Есболсын А.Ж.

Өткізілген күні: 12.12.2025жыл

2025-2026 жыл

Интеллектуалды ойын тақырыбы: «Дәуірлер айқасы»

Мақсаты: Екі дәуір арасындағы ынтымақтастықты дамыту және тәжірибе алмасу.

Ойын барысы:

1-кезең. Сергіту

2-кезең. Ол кім? Бұл не?

3-кезең. Әсем ән

4-кезең. Кино-тайм

Өту барысы:

Қатысушылар ойын ережелерімен танысты. Әр ойыншы өзін таныстырып өтті.

1 -кезең бойынша сұрақтар екі топқа да қойылды. Кім бірінші қолын көтереді, сол топ жауап береді. Әр дұрыс жауап үшін -1 ұпай.

2 -кезең бойынша жас мамандарға 80-90 жылдардағы қолданған заттарды, сол кездегі адамдар бойынша сұрақтар қойылды. Тәжірибелі ұстаздарға қазіргі кездегі сленг сөздер қойылды. Дұрыс жауап үшін – 1 ұпай. Егер сұрақ қойылған топ жауап бере алмаса, қарсы топтың жауабы дұрыс болса – 0,5 ұпай.

3-кезең бойынша жас мамандарға бұрынғы әндердің кавер нұсқасы берілді. Түпнұсқа орындаушысын табу қажет. Тәжірибелі ұстаздарға қазіргі заманауи әндер берілді. Дұрыс жауап үшін – 1 ұпай. Егер сұрақ қойылған топ жауап бере алмаса, қарсы топтың жауабы дұрыс болса – 0,5 ұпай.

4-кезең бойынша жас мамандарға бұрынғы кинолар берілді. Тәжірибелі ұстаздарға қазіргі заманауи кинолар берілді. Дұрыс жауап үшін – 1 ұпай. Егер сұрақ қойылған топ жауап бере алмаса, қарсы топтың жауабы дұрыс болса – 0,5 ұпай.

Ойын тартысты өтті. Жас мамандар басым нәтижемен жеңіске жетті.

Бейнеролик мектептің инстаграмм парақшасына салынды.





